



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2017 жылғы 3 ақпан

Инфляцияны 3-4%-ға дейін кезең-кезеңімен төмендету Ұлттық Банк үшін ортамерзімді кезеңде басым міндет болады

«Жолдауға сәйкес Ұлттық Банк инфляциялық таргеттеу қағидаттарын іске асыруды жалғастырады. Ортамерзімді кезеңде инфляцияны 3-4%-ға дейін кезең-кезеңімен төмендету міндеті біз үшін басым міндет болады». Бұл туралы Мемлекет басшысының қатысуымен өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында сөз сөйлеген кезде Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев мәлімдеді.

Ол сондай-ақ «бұл ретте Ұлттық Банк ұзақмерзімді экономикалық өсуге ықпал етеді. Бұл инфляция бойынша мақсаттар және макроэкономикалық тұрақтылық арасындағы оңтайлы балансты іздеу арқылы іске асады» деп атап өтті.

Ұлттық Банк басшысы инфляцияны төмендетудің елдегі макроэкономикалық жағдайды тұрақтандырудың аса маңызды көрсеткіші екендігін атап өтті. Д. Ақышев 2015 жылы ұлттық валюта бағамы құлдырағаннан кейін баға өршуі болғанын және оның өткен жылғы шілдеде 17,7%-ға жеткенін, «жыл соңында инфляциялық процестердің күрт баяулағанын және ұлттық валюта девальвациясы болған басқа елдерге қарағанда тез баяулағанын» еске түсірді.

«2015 жылы жылдық инфляция **13,6%**, ал 2016 жылдың қорытындысы бойынша **8,5%** болды. Қаңтардың соңында жылдық инфляция **7,9%** дейін төмендеп, 6-8% дәлізге оралды. Бұл осы кезеңде Ұлттық Банк үшін негізгі міндет болды», - деп қорытындылады Д. Ақышев.

Теңгенің айырбастау бағамы объективтік факторларға сәйкес келеді – ҚР ҰБ.

«Еркін өзгермелі айырбастау бағамы режиміне өткеннен кейін және экономика субъектілері жаңа жағдайларға бейімделгеннен кейін теңгенің айырбастау бағамы тұрақтандырылды». Бұл туралы Мемлекет басшысының қатысуымен өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында сөз сөйлеген кезде Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев мәлімдеді.

Д. Ақышев сондай-ақ бүгінгі күні айырбастау бағамының «объективтік факторларға сәйкес келетінін және біздің өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін

қамтамасыз ететінін» атап өтті. «Осының бәрі Ұлттық Банктің валюта нарығына араласпауы аясында өтуде. Біз 2016 жылғы қыркүйектен бастап өктемдік жүргізбейміз», - деп қорытындылады ол.

12%-дық базалық мөлшерлеме экономикаға ықпал етудің нақты құралы болды – Д. Ақышев

«Қазіргі кезде 12%-ды құрайтын базалық мөлшерлеме экономикаға ықпал етудің нақты құралы болды. Банктер ақшаның құны бойынша бағдар, өтімділікті басқарудың құралдарын алды және теңгемен қорландыру үшін әлеуетін өсіруде». Бұл туралы Мемлекет басшысының қатысуымен өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзінде Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев айтты.

«Кәсіпорындар үшін теңгемен берілген кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлеме өткен жылы 25,8%-дан 14,4%-ға дейін төмендеді», - деп еске салды қаржы реттеушісінің басшысы.

Сонымен қатар Д.Ақышев «ақша нарығы халық тарапынан қабылдау үшін оншалықты байқалмайды, бірақ қаржы секторы үшін негізгі рөлді атқарады. Дәл осы нарықта Ұлттық Банк құралдарының көмегімен теңге ресурстарының әділ құны қалыптастырылады», деп атап өтті.

2016 жылы долларсыздандыру мәселесінде айтарлықтай ілгерілеуге қол жеткізілді – Д. Ақышев

«Экономиканың долларлану мәселесі жоғары (тарихи тұрғыдан қалыптасты) болып қалуына қарамастан, өткен жылы жинақтау, есеп айырысу құралы және активтер құнының өлшеуіші ретінде ұлттық валюта – теңге үлесінің ұлғаюында айтарлықтай ілгерілеуге қол жеткізілді. Бұл туралы Мемлекет басшысының қатысуымен өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзінде Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев айтты.

Д. Ақышев айтып өткен Ұлттық Банктің деректері бойынша, «2016 жылы теңгемен депозиттер 3,3 трлн. теңгеге (66%-ға өсу) өсіп, шетел валютасымен депозиттер 1,1 трлн. теңге (10%-ға) төмендеген. Барлық депозиттердің долларлану деңгейі ең жоғарғы 70%-дық деңгейден 55%-ға дейін, ал жеке тұлғалар бойынша 80%-дан 62%-ға дейін төмендеді».

«Долларлану үлесі жоғары көптеген елдерде мұндай нәтижелерге жету үшін көптеген жылдар кеткенін халықаралық тәжірибе көрсетіп отыр», - деді Төраға.

Долларсыздану процесінің тиімді болуына «валюта нарығындағы тұрақтылық және Ұлттық Банктің теңгемен құралдардың тартымдылығын арттыру жөніндегі шаралары ықпал етті», - деп қорытындылады ол.

Экономиканы монеталандыру теңгедегі ресурстардың айтарлықтай өсуі есебінен Қазақстан тарихында ең жоғары мәнге жетті – Д. Ақышев

«Өткен жылы экономикаға ақша, бірінші кезекте теңгедегі ресурстар айтарлықтай ұлғайды» – деп хабарлады Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев Мемлекет басшысының қатысуымен өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзінде.

«Экономикаға барлық теңге қамтылатын М2 көрсеткіші бір жарым есе өсіп, 12,6 трлн. теңгеге жетті – 4 трлн. теңгеге өсті. М3 ақша массасы бір жылда 20 трлн. теңгеге дейін 16%-ға жуық өсті», – деген деректерді келтірді Д. Ақышев, «экономикаға барлық теңгенің ішкі жалпы өнімге қатынасы, яғни монеталандыру деңгейі 45%-ды құрады – Қазақстан тарихында ең жоғары көрсеткіш» – деп толықтырды ол.

Президенттің Жолдауына сәйкес Ұлттық Банк банк секторын сауықтыру жөніндегі шаралар кешенін әзірлеуге кірісті

Қаржы секторының «шамадан артық жүктемесі» және банктердің кредиттік белсенділігін қалпына келтіру. Осы бағыттар Жолдауда айқындалған және біз тиісті жұмысты бастадық». Бұл туралы Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев Мемлекет басшысының қатысуымен өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзінде мәлімдеді.

«Соңғы жылдардағы күрделі макроэкономикалық ахуал банк секторына әсер етпей қоймады. Қорландыруды қысқарту және оның құнын ұлғайту, тұтынушылық сұраныстың төмендеуі және рентабельдік жобалардың тапшылығы жағдайында **банктік бизнестің экономиканың нақты секторын кредиттеу процесіндегі тиімділігі аз болды**. Әсіресе бұл қазір, банк секторының бұрынғы көптеген проблемалары әлі де толық шешілмеген кезде маңызды болып отыр», – деп мәлімдеді Д. Ақышев.

Сондай-ақ ол, «осы проблемалар шешілмей банктер тарапынан экономиканы толыққанды кредиттеуді қамтамасыз ету мүмкін емес». «Біз банктік секторды сауықтыру көптеген қатысушылар үшін ауыр процесс екенін түсінеміз, себебі акционерлер тарапынан қосымша салымдарды не басқа ойыншылармен шоғырлану талап етіледі».

Ұлттық Банк Жолдауға сәйкес банк секторын сауықтыру бойынша шаралар кешенін әзірлеуге кірісті, оның шеңберінде реттеушілік және қадағалау процесінің халықаралық қағидаттары іске асырылады.

«Қазір Ұлттық Банктің пруденциялық нормативтер бұзылмағандықтан, банктегі ахуалдың өзгеруіне жедел ден қою мүмкіндігі жоқ. Тәсілдердің формалды болуы заңнаманы бұзу болмағандықтан банктерден ақшаны шығару фактісін байқай отырып Ұлттық Банктің ықпал ету шараларын қолдана алмауына немесе осындай операцияларды тоқтата алмауына әкеледі. Алайда бұл салымшылардың қаражатын қорғау үшін талап етіледі – дей келе Ұлттық Банктің басшысы: «бұл жағдайда Ұлттық Банк проблемалардың туындауын және

тәуекелдерді іске асыруды күтпей, дағдарысты құбылыстардың алдын алу бойынша жұмысты күшейтуді жоспарлап отыр» - деп толықтырды. Бұл - тәуекелге бағдарланған қадағалауды және реттеушінің дәлелді пайымдауын енгізу деген сөз.

Одан әрі Д. Ақышев Ұлттық Банктің өз жұмысында қолданатын нақты шаралары жайлы айтып берді. Мәселен «2017 жылғы сәуірге дейін Ұлттық Банк банк капиталын тиісінше түзете отырып провизияларды бағалаудың бірыңғай әдістемесін (бұл практика 2013 жылға дейін қолданыста болған) енгізуді жоспарлап отыр.».

Бұдан басқа, «Ұлттық Банк банктердің байланысты тұлғалармен мәмілелерді және жеңілдік талаптары бар мәмілелерді бағалауға арналған тәсілдерін қатаңдатады», - деді елдің бас банкирі.

«Таяу уақытта біз банктің қаржылық жай-күйінің нашарлауы туралы ақпаратты жасырғаны үшін аудиторлар мен бағалаушылардың жауапкершілігін арттыру бойынша Үкіметке қаржы нарығында қызметті жүзеге асыруға тыйым салуға дейін ұсыныстар енгіземіз» - деді Д. Ақышев.

«Сонымен қатар банк капиталының құрылымына мәжбүрлеп қайта құрылымдау жүргізуге, сондай-ақ банктерді қосу процесін жеңілдетуге қатысты Ұлттық Банктің мандатын заңнамалық деңгейде күшейту қажет етіледі. Заңнамалық түзетулердің тиісті топтамасын Ұлттық Банк әзірлеп, қысқа мерзімде Үкіметке енгізілетін болады», - деп толықтырды Төраға.

Қорытындылай келе, Д. Ақышев «2017 жылы жүргізу жоспарланған банк секторын сауықтыру бойынша шаралар кешені банктердің активтерінің сапасына тәуелсіз бағалауды қамтиды. Сонымен қатар, ірі банктерді мемлекеттік ресурстар есебінен қолдау бағдарламасы акционерлердің банктерді қосымша капиталдандыруға ынтымақтастықпен қатысу қағидаттарымен ұсынылады» деп атап өтті.

Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:
+7 (727) 270 45 85
e-mail: press@nationalbank.kz
www.nationalbank.kz